

Соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 326 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 шілдеде № 28848 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 73) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.08.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Соңғы үш жылдағы Жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесі осы бұйрыққа 1 - қосымшаға сәйкес;

2) Соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесіне Іріктеу өлшемшарттары осы бұйрыққа 2 - қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

А. Аймағамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт вице-министрі

_____ С. Жарасбаев

2022 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 15 шілдедегі
№ 326 бұйрығына
1-қосымша

Соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесі

1-тарау. Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар

№	Олимпиадалар атауы
1.	Математикадан халықаралық олимпиада (International Mathematical Olympiad (Интернейшэнал Математикал Олимпиад))
2.	Физикадан халықаралық олимпиада (International Physics Olympiad (Интернейшэнал Физик Олимпиад))
3.	Химиядан халықаралық олимпиада (International Chemistry Olympiad (Интернейшэнал Кэмистри Олимпиад))
4.	Биологиядан халықаралық олимпиада (International Biology Olympiad (Интернейшэнал Байолоджи Олимпиад))
5.	Географиядан халықаралық олимпиада (International Geography Olympiad (Интернейшэнал Джиографи Олимпиад))

6.	Информатикадан халықаралық олимпиада (International Olympiad in Informatic (Интернейшэнал Олимпиад Ин Информатик)
7.	Лингвистикадан халықаралық олимпиада (International Linguistic Olympiad (Интернейшэнал Лингвистик Олимпиад)

2-тарау. Халықаралық спорттық жарыстар

№	Спорттық жарыстардың атауы
1.	Олимпиада ойындары
2.	Паралимпиада ойындары
3.	Сурдлимпиада ойындары
4.	Жасөспірімдер Олимпиада ойындары
5.	Олимпиадалық спорт түрлері бойынша Әлем чемпионаттары
6.	Дүниежүзілік жазғы және қысқы гимназиада

3-тарау. Халықаралық орындаушылардың конкурстары

№	Халықаралық конкурстардың атауы
1.	Петр Чайковский атындағы Халықаралық жасөспірімдер байқауы Мәскеу қаласы (Ресей Федерациясы)
2.	Халықаралық жасөспірімдер вокалдық конкурсы Мәскеу қаласы (Ресей Федерациясы)
3.	Екатерина Максимова атындағы "Арабеск" ашық ресейлік балет әртістерінің байқауы, Пермь қаласы (Ресей Федерациясы)
4.	World Dance Council, World DanceSport Federation (Уорлд Дэнс Каунсл, Уорлд Дэнс-Спорт Федирэйшн) Халықаралық жарыстар федерациясы және турнирлер, International Dance Sport Union (Интернейшэнал Дэнс Спорт Юнион) Әлем Кубогы және Әлем чемпионаты кезеңдері
5.	"Витебскідегі Славян базары" халықаралық өнер фестивалі (Беларусь Республикасы)
6.	Бибігүл Төлегенова атындағы халықаралық вокалистер конкурсы (Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 15 шілдедегі
№ 326 бұйрығына
2-қосымша

Соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесіне Іріктеу өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадаларды және орындаушылардың халықаралық конкурстарын, спорттық жарыстарды іріктеу мынадай өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылады

1-параграф. Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар:

№	Өлшемшарттардың атауы
1.	Қазақстан Республикасы құрама командасының халықаралық олимпиадаларының қағидаларына сәйкес ресми аккредиттеу рәсімі. Аккредиттеу-қатысушы елдің әлемдік деңгейдегі олимпиадаға қатысу алдындағы міндетті рәсімі. Қазақстанның құрама командасы халықаралық олимпиаданы ұйымдастырушылар қойған квотаға сәйкес айқындалады. Әлемдік маңызы бар халықаралық олимпиаданың негізгі өлшемшарты - сандық құрамы ешқандай жағдайда өзгермейтін қатысушы елден бір құрама команданы ұсыну
2.	Құрама команданы республикалық бюджеттен қаржыландыру
3.	Барлық континенттер елдерінің қатысуы (35-тен астам қатысушы ел)
4.	Ұйымдастырушы елдің жыл сайын ауысуы
5.	Олимпиаданы 15 жыл бойы өткізуі (үзіліссіз)
6.	Қатысушы елдер санының ұлғаюы
7.	Бір елден бір құрама командадан артық болмауы
8.	Ұйымдастырушы елдің ресми сайтында жарияланған нәтижелердің орналастырылуы және оларды ұсынуы

2-параграф. Халықаралық спорттық жарыстар:

№	Өлшемшарттардың атауы
1.	Халықаралық спорт ұйымының (Халықаралық Олимпиада комитеті, Халықаралық Паралимпиада комитеті, Спорт түрлері бойынша халықаралық федерациялар және басқа халықаралық спорттық ұйымдар) өткізуі
2.	Барлық континенттер елдерінің қатысуы (200-ден астам қатысушы ел)
3.	Спортшылар (командалар) арасындағы спорт түрлері бойынша жарыстарға Шетелдік спортшылардың (командалар) қатысуы
4.	Бір елден бір құрама командадан артық болмауы
5.	Жарысты ұйымдастыру комитетінің ресми сайтында жарияланған нәтижелерді (хаттамаларды) орналастыру

3 -параграф. Орындаушылардың халықаралық конкурстары:

№	Өлшемшарттардың атауы

1.	Мемлекет атынан қатысушыларды республикалық бюджеттен қаржыландыру
2.	Конкурсқа кемінде 10 елдің қатысуы
3.	10 жыл бойы конкурс өткізу
4.	Қатысушы елдер санының ұлғаюы
5.	Ұйымдастырушы елдің ресми сайтында жарияланған нәтижелерді орналастыру және оларды ұсыну

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК